

Бұл даму дағдарысының жедел өту теріс көрсеткіш болып саналмайды. Керісінше, баланың жаңа сипатта өзін-өзі басқара алуының айқын көрінісі. Осы кезде, бала психикасында оның тұлғалық дамуына қажетті жасерекшелік жаңашылдық пен адаптивті қабілеттер қалыптасады. Қиқарлық – балаға қажетті ерік-жігер сипатының көріну деңгейі, ал, еркелік – басқаларға өзін көрсеті немесе демонстрациялаудың, өзіндік «Менінің» көрінісі, агрессивтілік – өзіндік қорғаныс формасы сипатында көрініс табады.

Ақылгөй, дана тәрбиешілер дағдарыстың өтуін жеңілдетуге, қалыптасушы маңызды сапалардың ауыр формаларының бекіп қалуына жол бермеуге тырысады. Бірақ, көбінесе ата-аналар баланың еркелігі мен қиқарлығын, агрессиясын, олардың көрінуіне сөзсіз тыйым салу жолымен, толығымен ығыстыруға ұмтылады. Бұл жағдайда жақсы, тәртіпті, тіл алғыш, ата-анасының мақтанышы, әжесінің сүйіктісі болатын балалар жан-жақты мейірімділікке «ішкі стерженнің» бұзылысымен жауап береді. Өсе келе, ондай балалар көбінесе «жоқ» деп айта алмайды. Ерте жастан өз беттелік пен автономдылықтың дамымауы және негативті сезімдердің көрінуіне тыйым салу мектепке оқуға бару кезеңінде адаптацияның әртүрлі қиындықтарына айналады. Бұл мәселе әртүрлі көрініс табуы мүмкін: бір балада есеюден қорқу мен депрессивті симптоматика, екіншісінде – өз күшіне сенбеу және соның себебінен сабақта бауап бере алмау мен маңызды тапсырмаларды орындауға қабілетсіздік, үшінші біреуде – жалпы «жақсы болуға» талпыныс кезінде, кенеттен негізсіз ашу-ызаның пайда болуы.

Мектепке дейінгі жас кезеңі бала тұлғасының қалаптасуында соншалықты, сан-салалы және маңызды. В.А.Сухомлинский «балалар – бұл, әкелер мен шешелердің адамгершіліктік өмірінің айнасы», – деп текке айтпаған. Баланы жақсы білу үшін, оның мінезін, мінез-құлқының мотивін, рухани сұраныстарын түсіну үшін, оның жанұясын терең білу керек.

#### **Әдебиеттер:**

1. Андрюшенко Т.Ю., Карабекова Н.В. Коррекция психологического развития младших школьников на начальном этапе обучения. // Вопросы психологии. – 1993. – № 1 – с.47-53.
2. Баркан А.И. Типы адаптации первоклассников // Педиатрия – 1993. – № 5 – с. 36-45.
3. Божович Е.Д. Личность и ее формирование в детском возрасте. М., 1986.
4. Венгер А.Л. Переход от дошкольного к младшему школьному возрасту. /Вопросы психологии. № 2, 1994, стр 22- 28.
5. Гуткина Н.И. Психологическая готовность к школе. М, 2004.
6. Кравцова Е., Кравцова М. Как не отбить у детей желания учиться. // Школьный психолог. – 2004. – № 12 – с. 35-37.
7. Рахманкулова Р. Программа работы по профилактике и коррекции дезадаптации у первоклассников. // Школьный психолог. – 1998. – № 9

#### *Аннотация*

*В статье рассматривается роль семьи в подготовке детей к школьному обучению.*

### **ОТБАСЫНДАҒЫ ДҰРЫС ЕМЕС ТӘРБИЕНІҢ ТИПТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАҒА ӘСЕРІ**

***Айқынбаева Г.Қ., Умирзакова А.М, Бәйтікбаева Л.Ж.***  
*Қазақстан, Астана қ.*

Отбасы адамға тыныштық, сенімділік сезімін, теңдесі жоқ қатынастар, туыстары мен жақындарының жылулығын береді, адам тұлғасының қалыптасуы мен дамуында маңызды орын алады. Отбасының жеке адамдық бақыт құрудағы ролі аз емес. Қалыпты, қарапайым отбасының макроклиматы, қоғамдық мекемелерге: мектеп пен балабақшаға қарағанда, оның кішкентай мүшелерінің жалпы рухани дамуына көп мүмкіндік тудырады.

Адамның жеке даралығының қалыптасуындағы отбасының орнын ешнәрсе алмастыра алмайды.

Отбасы – күрделі өзара қарым-қатынастар әлемі. Онда бәрі де өзінше, сәтсіздікті туындататын өз себептері бар. Сонымен қатар, ұқсас мінез- құлық жақтары – балаға деген дұрыс қызығушылықтың, дұрыс зейіннің, дұрыс сыйластықтың болмауы.

Мектептік дезадаптацияның қалыптасуына әкелетін, тәрбиенің дұрыс емес типтерін зерттеу және классификациялау ерекше қызығушылық туғызады.

1. Баланың жағымсыз, эмоционалды сырт айналуы (саналы немесе санасыз), қатаң уақытты талап етуші және бақылаушы шаралардың болуы, балаға ата-аналардың «жақсы бала» туралы түсініктеріне сәйкес мінез-құлықтың белгілі бір типін жүктеу. Сырт айналудың тағы бір оң жағы толық селқостық пен енжарлық және ата-ана тарапынан бақылаудың болмауымен сипатталады. Мұндай отбасылар баланы ауырсынады, ал бала үнемі сондай қатынасты сезінеді, әсіресе, отбасында ата-анасы көбірек көңіл бөлетін, рухани жылулық пен көбірек қамқорлықты көретін тағы бір бала болса. Эмоционалды сырт айналу ренжу, жараланғыштық пен сезімталдықтың, өкпешілдік пен тұйықтық деңгейінің жоғарылап, дамуына мүмкіндік туғызады.

2. Гиперэлеуметтендірушілік тәрбие (гиперқамқорлық) – үзіліссіз тыйым салулармен, шектен тыс қамқорлық, баланың әрбір қадамын бақылау бала бойында ерік-жігер және мінез-құлық сапалардың қалыптасуына жағымсыз әсер етеді. Ол баланың ынта-ықыласы мен өзбеттілігіне кедергі жасап, жауапкершілік сезімін басып тастайды. Тәрбиенің мұндай типі көпшілік балаларда, ата-аналармен өзара қарым-қатынастың күрделенуіне және мінез-құлықтың әртүрлі бұзылыстарына әкелетін, қарсылық, наразылық сезімін туғызады.

3. Гиперқамқорлық жағдайында тәрбиеленетін барлық балалар басқа балалармен қарым-қатынасқа түскен кезде қиындықтарға кездеседі. Осыған ұқсас жағдаят: бала өз анасынан алшақтауға қорыққан, жаңа жағдайға баяу бейімделіп, мектепке әрең дегенде үйренген.

4. Эгоцентрилік тәрбие – отбасының барлық мүшелерінің балаға шектен тыс көңіл бөлуі, оған «жанұя кумирі» немесе «өмірдің мәні» ролін беру. Гиперқамқорлықпен салыстырғанда мұнда баланы қандай болмасын қиындықтар мен мүмкін болатын жағымсыз міндеттерден шектеу орын алады. Баланың айналасында оның қабілеттері мен қасиеттерін шексіз мақтау, мадақтау, асырып айту, таңдану атмосферасы құрылады. Баланың бар тілегі сөзсіз орындалады, ол отбасының ортасындағы жұлдыз. Мұндай шектен тыс көңіл бөлу эгоцентризмнің қалыптасуына мүмкіндік береді, жүйелі еңбекке дағдыны өңдеуге және өз бетінше шешім қабылдауға кедергі жасайды. Өзінің «кумирлік» дәрежесін пайдалана отырып, бала ерке, талап қойғыш бола бастайды, онда ата-анасына, өмірге деген тұтынушылық қатынас қалыптасады.

Балалар ұжымында мұндай белгілер айқын және анық байқалып, олар конфликтілер мен баланың басқа балалардан бөлектенуіне алып келеді. Осы кезден бастау алатын ең үлкен жамандық, қастық – тәрбиелік әсерлерге қарсыласу, мұғалімге бағынбау. Сөйтіп бала «қиын» болып қалыптасады. Ол сыныпта өзінің «кумир» емес екендігін түсінеді, содан кейін басқаларға өз еркін жүктеуге тырысады, құрбылары мен мұғалімдерге дөрекілік таныта бастайды.

Қараусыздық. Әдетте, мұндай типтегі отбасыларында ата-аналар алкогольді пайдаланады. Әке-шешелерге шектелген мәдениеттілік пен сезімдердің жеткіліксіздігі тән. Бала атаның қарауынсыз, бақылауынсыз қалады. Оның рухани қажеттіліктерін, әуестіктері мен еліктеушіліктерін ешкім қызықтамайды, оның сабағы, мінез-құлқы мен жасаған қылықтары бақылаусыз қалады. Мұнда, бір біріне деген сенімсіздік пен сыйластықтың болмауы, дөрекілік пен қорлық, балағаттау, ұрсыс-жанжал бой алады. Балалар өз беттерімен өмір сүреді, ата-аналар олармен қарым-қатынас жасау қабілеттіліктерін жоғалтқан. Осының барлығы балалардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысына қатты әсер ететініне таңдануға болама, Олардың жалғандығы, дөрекілігі, тәртіпсіздігі мен қатызегдігі, мінез-құлқының өзгеруі байқалады. Ондай балаларға, оларға деген қоршаған ортаның қатынасы, бәрібір. Оларға жеңіл, үстіртін ойлау, апатия, өз дегені бойынша әрекет ету әдеті тән. Бұл күй оларға ата-ананың жақсы қарым-қатынасының болмауынан пайда болады. Бұл жағдайда барлық статъя бойынша төменгі сынып оқушылары «қиын» болып қалыптасады, темекі шегіп, ішімдік ішуді үйренеді. Ондай

тұлғаның негізін, мәнін ата-анадан іздеу керек. Бірақ, олар мұғалімдермен кездесуден бас тартып, мектептің беделін, абыройын елемеуге тырысады.

Осы типке формальді түрде жүзеге асырылатын тәрбиені де жатқызуға болады. Ата-аналар балаға тек қана сырт көз үшін ғана, ол мектепке уақытында кетуі және уақытымен сабаққа дайындалуы үшін, қызығушылық танытады, бақылайды. Әдетте, бала мұндай бақылаудан қашу жолын тауып, өз бетінше өмір сүруді қалайды. Соның нәтижесінде, ондай балалар қараусыз, бақылаусыз балалар категориясына түседі де, өз орындарын далада, көшеде бейтаныс адамдар арасынан табады.

Өзінің мазмұны жағынан тиімді отбасы саясаты кешенді болып келеді және қоғамның тіршілік әрекетінің негізгі салдарындағы мемлекет пен отбасы арақатынастарының айқын көрініс болып табылады. Күрделі жүйе ретіндегі отбасы кешенді зерттеу отбасы шеңберіндегі процестердің мазмұны мен бағытын айқындауға ғана емес, сонымен бірге, қоғамның негізгі саяси-әлеуметтік экономикалық және мәдени сипаттарының аталған процестерге ықпалын, бір жағынан, ол процестердің қоғамға ықпалын, екінші жағынан мемлекеттің отбасы саясатын мақсатты түрде, ғылыми негізде қалыптастырудың шешуші факторларын анықтауға мүмкіндік береді.

Отбасы – қоғамның аса маңызды бастапқы ұясы болып табылады. Ол рухани мәдениеттің дамуын қамтамасыз етеді, еңбек құндылықтарының сақталып, олардың ұрпақтан-ұрпаққа берілуіне қатысады. Адамдардың бірлесіп өндіріс құндылықтарын ұйымдастыруда маңызы зор және ең соңғысы халық санының өсіп-өнуі осы отбасына байланысты болады. Сонымен қатар, отбасы – біздің қоғамымыздың жоғарғы рухани құндылықтардың бірі болып табылады.

Осы замандағы отбасының бүгінгі жағдайын есепке ала отырып, отбасылардың көпшілік бөлігі, әсіресе, ата-аналар жұмысқа қабілетсіз немесе жұмыссыз, ата-аналардың біреу болмаса, экономикалық тұрғыдан сәтсіз болып табылады деген қорытындыға. Бірақ, ең жаманы, мұндай отбасыларында әлеуметтік-психологиялық қолайсыз жағдай орнайды. Оның себептері мен белгілері: ішімдік пен есірткі қолдану, отбасы мүшелерінің арасындағы қолайсыз психологиялық жағдай, зорлық-зомбылықты қарсылықты шешудің негізгі құралы ретінде пайдалану. Ондай отбасылары өздерінің дәстүрлі функцияларын орындамайды (тәрбиелік, коммуникативтілік, жүйелік), соның нәтижесінде қоғамның үмітін ақтамай, тәрбиегелеуге қабілетсіз бола бастайды. Осы сәтсіз отбасылары мектепке келіп, біраз уақыттан кейін мінез-құлық нормасында бұзылыстары мен оқуда қиыншылықтары бар, дезадаптацияланған балалар категориясына қосылатын балаларды өсіріп, «тәрбиелейді». Олар сабақтан қала бастайды. Олар өздерінің қажеттіліктерін сезінетін ортаға қосылуға талпынады. Сонымен, олардың кәмілеттік жасқа толмаған қылмыскер болмауына кім кепіл?

Ал, отбасы – бұл жан жарасы емделетін, реніштерізсіз жоғалатын, ата-аналар өздерінің балаларын, ал балалар өз ата-анасын сүйетін, қолдау көрсететін махаббат пен тыныштық әлемі. Отбасы – бұл әрбір адам өміріндегі ең алғашқы тұрақты ұжым, тұлғаның алғашқы әлеуметтенуінің базистік негізі. Тұлға мен оның өзіндік санасының қалыптасу процесінде отбасы ең басты роль атқарады. Дәл осы отбасынан баланың жеке дара қоғамдық нормалар мен мәдени құндылықтарды қабылдауы, коммуникативтік икемділіктер мен дағдыны жинақтау, адамзаттық өзіндік тәжірибесін, кәсіби өзіндік бағдарлану процестері бастау алады.

Отбасында баланың адамгершілік бейнесі мен мінез - құлқының, оның басқа адамдарға және қоршаған ақиқат дүниеге қатынасының негізі қаланады. «Балалық шақтың әсері бүкіл өмір бойына із қалдырады. Бала кездегі уайымдар көбінесе санасыздық деңгейінде қалса да, адамның одан кейінгі өмірі мен жұмысына әсер етеді. Адам олар туралы ұмытып кетуі мүмкін, бірақ, олар оның еркінсіз, жиі оның қылықтарын белгілейді». Сондықтан да, отбасындағы барлық нәрселер қоғам үшін немқұрайлы бола алмайды.

#### Әдебиеттер:

1. Мұсаева С.А., Бегалиев Т.Б. Жас ерекшелік педагогикасы. Астана., 2006. 221-225б.
2. Бардин К.В. Подготовка ребенка к школе (психологические аспекты). – М.: Знание, 1993. – 96с.

3. Венгер А.Л. Особенности психического развития детей 6-7 летнего возраста. //Вопросы психологии. 1994. – № 7. С.32- 39.
4. Немов Р.С. Психология. – М: 1995. С. 89-93.

*Abstract*

*In this article the types of wrong education and their negative influence are examined on a child.*

**ТҰЛҒАНЫ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА ТӘРБИЕЛЕУ АРҚЫЛЫ  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ТУДА ҚАЖЕТ ЕТЕТІН  
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ТАРИХИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОЛДАРЫ**

**Алгартова Г.М., Кемалова Г.Б.**

*Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты*

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына қарай жас ұрпақты тәрбиелеу міндеттері өзгеріп, қоғамдық өмірге дайындау мәселелеріне жаңа талаптар туып отырады. Елбасының биылғы жолдауында және Еуразия ұлттық университеті студенттері мен бүкіл қазақстандық жастарға арнаған «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасы» атты дәрісінде жаһандану дәуіріндегі бәсекелестіктің басты көрсеткіштері ретінде білім беру деңгейі мен адами капиталдың дамуын атап көрсетті [1]. Көкжиегімізде көрініп тұрған жарқын болашағымызға жету жолдарының нышандары бүгінгі қоғам тіршілігінің әртүрлі салаларынан көрініс табууда. Солардың бірі – әлеуметтік орны мен атқарар қызметінің салмағы жағынан ерекше болып табылатын білім беру жүйесі. Олай дейтініміз бұл саладағы әрекет қоғамның бір жеке мүшесінің тағдырына қатысты емес, еліміздің ертеңгі күнгі әлеуметтік күйіне, тұрмыс деңгейіне, өркениеттілігіне әсер ететін кешенділігімен сипатталады. Сондықтан білім беру саласында қоғамның әрбір мүшесінің назарынан тыс қалмайтын мәселелер төңірегінде түбегейлі өзгерістер жасалуда. Қазіргі уақытта руханилық пен адамгершілікке негізделген, демократия мен гуманизм ұстанымдарына сәйкес, білім беру мен тәрбиелеудің жаңа құндылықтарын ретке келтірудің жолдары іздестіріліп, әлемдік білім кеңістігіне енудің қазақстандық үлгісін жасау жүзеге асырылуда. Жеке тұлғаның бейнелеу өнеріне бейімі, көркемдік талғамының қалыптасуы және ондағы мұғалімнің орны туралы құнды пікірлерді қазақтың көрнекті ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, еңбектерінде қарастырылған. Бейнелеу өнерінің көркемдік талғамы интеграциялық мәселелердің дамытылуы К.Б.Бержанов, Р.Г.Лемберг, А.И.Сембаев және т.б. еңбектерімен тығыз байланысты болды[2].

Осыған байланысты интеграциялық тәрбие беруде живопись, музыка, сәндік-қолданбалы өнердің теориялық мәселелерін қарастырумен шектеліп қана қоюға болмайды. Өйткені, интеграциялық тәрбие - өнермен айналысу, оқушылардың қабілеттері мен мүдделеріне сәйкес келетін көлемдердегі шығармашылық әрекет. Көркемдік фактілер мен құбылыстарды тек қана эстетикалық цикл пәндерін зерттеу үрдісінде ғана игеру мен сезіну жеткілікті болмайтындығы баршаға мәлім. Оқушылардың көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыту тек өнер түрлерінің тарихы жөніндегі білімдері, көркемдік фактілер мен құбылыстарды игерумен қатар шынайылықты сөз арқылы, көру-көрнекілік және дыбыстық бейнелеудің көмегімен ұсыну біліктілігі мен дағдылары қалыптасқан жағдайда ғана мүмкін болады. Интеграциялық тәрбиенің диалектикалық аспектілерін қарастыра келе, әрекет кез-келген өнердің негізгі техникалық және көркемдік ерекшеліктерін білу, эстетикалық цикл пәндерін оқытудың мақсаты әрекеттің теориямен байланысы негізінде ғана жүзеге асады деп тұжырымдай аламыз.

Қоғамдық өмірдің барлық саласының жаппай демократиялануы, басқа алыс жақын шет елдермен байланыс нәтижесінде жаңа мазмұнын жасап, оқу-тәрбие үрдісін жаңаша